

Г.З. Искакова<sup>1\*</sup>, А. Ысқақ<sup>2</sup>, Ұ.М. Джолдыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: gali209@mail.ru

## ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ПОШТА-ТЕЛЕГРАФ МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші жартысы)

Империя тұсында басқару жүйесі күрделі бірнеше сатылы институтты қамтыды. Түрлі деңгейдегі қарым-қатынастар мен басқару шешімдерінің нәтижелі болуы коммуникацияны дұрыс ұйымдастыру және жүргізуге байланысты болды. Іс жүргізумен қатар пошта қызметі де басқару институттары, мекемелер және азаматтар арасында коммуникативтік рөл атқарады. Коммуникация технологиясының сол уақыттағы маңыздылығы басқару институттары арасында қажетті ақпаратты жазу/тіркеу, бекіту үшін іс жүргізуді, ал бір-бірімен ақпаратпен алмасу үшін пошта байланысын дүниеге әкелуінде. Ақпараттың құндылығы оның жылдам әрі уақытылы жеткізіліп отыруымен өлшенеді. Осылайша, іс жүргізу мен пошта байланысы басқару институтының иерархиясы болып қалыптасты. Бір де бір империялық мекеме өз басқару қызметін кеңсесіз жүргізе алмады, ал мекемелер поштасыз өзара әрекеттесе алмады.

Қарастырылып отырған мақалада жалпы Ресей империясында қалыптасқан пошта-телеграф мекеме қызметкерлерінің иерархиясы мен негізгі қызмет бағыттары қарастырылды. Сонымен қатар, Жетісу облысы мысалында қазақтардың пошта-телеграф мекемелерінде қазақтардың кейбір қызмет тәжірибелері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** коммуникация, пошта, телеграф, коммуникация, пошта жолдары, қатынас жолдары, земстволық пошта, пошта-телеграф қызметкерлері.

G.Z. Iskakova<sup>1\*</sup>, A. Yskak<sup>2</sup>, U.M. Joldybaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Narxoz University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: gali209@mail.ru

## Kazakhs in the service of postal and telegraph institutions in Zhetysu region (second half of the 19th century – first half of the 20th century)

During the era of the Empire, the management system was a complex multi-level institution. The effectiveness of relationships and management decisions at various levels depended on the correct organization and conduct of communications. Along with administration, the postal service also plays a communicative role between administrative agencies and citizens. The importance of communications at that time was that it gave rise to the procedure for recording/registration and coordination of necessary information between government agencies, as well as postal communication for exchanging information with each other. The value of information is measured by its fast and timely delivery. Thus, the administration and postal services formed a hierarchy of the management institution. No imperial institution could carry out its administrative activities without the office, and institutions could not interact without mail.

This article examines the hierarchy and main activities of employees of postal and telegraph institutions that have developed on the territory of the Russian Empire as a whole. In addition, some experience of Kazakhs in postal and telegraph institutions is shown using the example of the Zhetysu region.

**Key words:** communication, mail, telegraph, post roads, communication routes, zemstvo mail, employees of postal and telegraph institutions.

Г.З. Исакова<sup>1\*</sup>, А. Ысқақ<sup>2</sup>, Ұ.М. Джолдыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: gali209@mail.ru

### Казахи на службе почтово-телеграфных учреждений Семиреченской области (вторая половина XIX - первая половина XX века)

В эпоху Империи система управления представляла собой сложный многоуровневый институт. Эффективность взаимоотношений и управленческих решений на различных уровнях зависела от правильной организации и проведения коммуникаций. Наряду с администрированием почтовая служба также играет коммуникативную роль между административными учреждениями и гражданами. Важность средств связи в то время заключалась в том, что она породила процедуру записи/регистрации и согласования необходимой информации между учреждениями управления, а также почтовую связь для обмена информацией друг с другом. Ценность информации измеряется ее быстрой и своевременной доставкой. Таким образом, администрация и почтовая связь образовывали иерархию института управления. Ни одно имперское учреждение не могло осуществлять свою административную деятельность без концелярии, а учреждения не могли взаимодействовать без почты.

В данной статье рассмотрены иерархия и основные направления деятельности служащих почтово-телеграфных учреждений, сложившихся на территории Российской империи в целом. Кроме того, показан некоторый опыт казахов в почтово-телеграфных учреждениях на примере Семиреченской области.

**Ключевые слова:** коммуникация, почта, телеграф, почтовые дороги, пути сообщения, земская почта, служащие почтово-телеграфных учреждений.

#### Кіріспе

XX ғасырдың басында қазақ шенеуніктері пошта-телеграф, теміржол саласында қызметте белгілі бола бастады. Олар үнемі іс-сапарларда болып, үлкен кеңістікте өздерінің қызметін атқарды. Қарастырылып отырған аймақта негізінен аударма мен іс-жүргізуге тартылған қазақ шенеуніктері өте сирек жағдайда дәрежесі өсіп, шені жоғарылады.

Сонымен қатар, қазақтар почта-телеграф мекемелерінде төменгі санаттағы қызметтерді иеленді. Демек, тасымал және жол қатынасын реттеп, қамтамасыз етіп отыруға септігін тигізді. Қару-жарақ, әскер, техника, тактика сияқты факторлардан бөлек империяның саясатын жүзеге асыруда жетекші, маңызды факторлар – логистика және жабдықтау (logistics and supply) болды (Morrison, 2014:446). XIX ғасырдың ортасындағы Ресей империясы әскерлерінің Орталық Азия мемлекеттеріне әскери компаниялары барысында жергілікті климаттық жағдай мен шаруашылық туралы қазақтардың білімдерін пайдаланған болатын. Демек А.Morrison, жергілікті халық өкілдері жануарларды күтіп, олардың бабын білуі компанияның нәтижесін анықтауда шешуші болғандығын баса көрсетеді (Morrison, 2014:450-pp). Сол сияқты аймақта жергілікті қазақтардың орта туралы білімдері әртүрлі салаларда, соның ішінде пошта

қызметінде, пошта қызметін ұйымдастыруда қолданылды. Демек қарастырылып отырған мақаланың мақсаты Жетісу облысы мысалында қазақтардың пошта-телеграф мекемелерінде қызмет тәжірибелерін көрсету болып табылады.

#### Материалдар мен әдістер

Жұмысты жазу барысында әртүрлі іс жүргізу құжаттары, нормативті актілер, орталық және жергілікті пошта-телеграф байланыс мекемелерінің өкімдері, қызметтік хаттары және статистикалық есептері, облыс әкімшілігінің пошта-телеграф ведомстволарының хаттары ҚР Орталық Архивінің 194 («Верненская областная почтово-телеграфная контора Туркестанского почтово-телеграфного округа города Верный Семиреченской области (1872-1917 гг.)») қор материалдарынан қолданылды (ҚР ОМА, 194-қ., 1-т).

Тақырыпты зерттеуде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің № 44 – «Әскери министрліктің Жетісу облыстық басқармасы» («Семиреченское областное правление Военного Министерства») қорында шоғырланған құжаттар пайдаланылды.

Қордың құжаттарын іріктеуде жан-жақтылық принципіне сүйене отырып, архив құжаттарының түпнұсқалық деңгейі мен шынайылығына көз жеткізілді.

Осы деректердің құрамына тоқталсақ, 421-ісінде Жетісу облысының облыстық және уездік басқармаларының қызметкерлерінің жеке құрамы туралы құжаттар топтастырылған. Далалық генерал-губернатордың кеңсесінен Жетісу облыстық әскери губернаторға жолдаған жеке құрам бойынша, атап айтқанда іс жүргізуші, хаткер, аудармашы қызметіне жұмысқа қабылдау туралы хаттары, рапорттары; Жетісу облыстық әскери губернатордың жұмысқа қабылдау, іссапарға жолдау, бір жұмыс орнынан екінші жұмыс орнына ауыстыру, қызметінен босату немесе ауысу туралы бұйрықтары шенеуніктер туралы құнды мәліметтер береді. Сонымен бірге 44-қордың 794-ісінде жинақталған құжаттар орыс патшасы III Александрды еске алу құрметіне орай Жетісу облысының қызметкерлерін марапаттау жөнінде қызықты мағлұматтарды қамтиды. Қазақ шенеуніктері туралы мәліметтер үзінді түрінде берілгеніне қарамастан Жетісу облысының барлық қалалық, уездік, сондай-ақ болыстық, ауылдық басқармаларында жүргізілген іс жүргізу барысын тексеру есептері жеке құрамнан бөлек осы саланың дамуындағы жетістіктер мен кемшіліктерді айқындауға, бағалауға және талдау жасауға мүмкіндік берді (ҚР ОМА, 44-қ., 1-т).

Деректердің келесі тобын «Памятные книжки» құрайды. Бұл Ресей империясында 1830-1917 жылдар аралығында 89 губерния мен облыстарда жыл сайын облыстық статистикалық комитет шығарып отырған ресми ақпараттық құжат еді. Мұнда жалпы тұрғындардың саны, қызметі туралы толық мәлімет алуға болады. Оның ең белгілі басылымдары «Жетісу облысы қызметкерлерінің Адрес-календарында» азаматтық және әскери ведомство басшылары жайында мағлұмат шоғырланған (Адрес календарь, 1897). Сол сияқты алдында айтылған дерек жыл басталмай жарияланған болса, жыл аяқталған уақытта жыл сайын жарияланып отырған деректің «Обзор Семиреченской области». Мақалада 1897, 1898, 1900, 1901, 1905 жылдардағы басылымдары пайдаланылды.

### Талдаулар

Ресей империясы кезінде байланыс құралдарын зерттеу XIX ғасырдың 80- жылдары белең ала бастады. Осы кезде Ресейдегі модернизация телеграф пен телефон сияқты жаңа байланыс құралдарына және ескі байланыс құралы

пошта қызметіне деген қызығушылық тудырып, олардың мемлекетте даму перспективалары туралы ойлануларына алып келді.

Ресей империясындағы жалпы және жеке-леген губернияларындағы почта қызметі мен пошта-телеграф мекемелері қызметкерлерінің спецификасы туралы Ресей және шетелдік ғалымдар еңбектерінде көптеп көрініс тапқан. Олар негізінен пошта-телеграф мекеме қызметкерлерінің әлеуметтік статусы, олардың кейбір тарихи оқиғаларға қатысты әрекеттері көрініс тапқан. А Бухгейм Э.О (Бухгейм, 1906) әлемдік деңгейдегі байланыс жүйесіндегі Ресей империясының беделді орын алатынын баса айтады. Кейбір тұстарының кенже қалуының себебі ретінде, халық санының көптігі, территорияның ауқымдылығы көрсетіледі. Ал жекелеген губерниялар бойынша салыстармалы талдау жасауға мүмкіндік беретін еңбектер қатарында К.В.Базилевич (Базилевич, 1927), В.Морев (Морев, 2019: 203-208), М. Ромашова (Ромашова, 2005), Е.В Муминова (Муминова, 2009), И.И.Воронов (Воронов, 2020: 165-173) еңбектерін қарастыруға болады. Ал З.Әділбекова еңбегінде Қазақстандағы пошта мекемелерінің тәжірибесі көрініс тапқан (Әділбекова, 2015: 41-43). Сонымен қатар, қазақ шенеуніктерінің аталмыш салада қызметі туралы мәселені анықтау мақсатында А.А Айтмухамбетов (Айтмухамбетов, 2010), М.Р. Сатенова (Сатенова, 2014), Султанғалиева Г.С. (Султанғалиева, 2020), Далаева Т. (Далаева, 2016) еңбектері басшылыққа алынды.

Сонымен қатар, әлемдік пошта қызметінің тәжірибелері Еуропа мемлекеттерінің Германия, Ұлы Британия және отар мемлекеттердің бірі Үндістан мемлекеттер мысалында зерттеулерінде қарастырды (Gupta Devyani, 2010).

### Зерттеу нәтижелері

#### *Жетісу облысында пошта-телеграф мекемелері*

Ресей империясында жалпы заңнамаға сәйкес, пошта-телеграф мекемелерінің келесі иерархиясы қолданыста болды: пошталар мен телеграфтардың бас басқармасы, пошта-телеграф округтері, пошта-телеграф конторолары мен бөлімдері (Главное управление почт и телеграфов, почтово-телеграфные округа, почтово-телеграфные конторы и отделения, почтовые станции.) (Базилевич, 1927: 121-123). «Сборник постановлений и распоряжений по Почтово-телеграфному ведомству» құжатта келесідей ақпарат

беріледі: «Ресей империясында хат алмасу үшін келесі пошта орындары құрылды: Поштамттар; Пошта бөлімшелері: губерниялық, облыстық, шекаралық және уездік; Пошта бөлімшелері: елді мекендерде және кейбір провинциялық қалаларда (қалалық) құрылды» (Россия. Главное управление, 1885:7). Осыған сәйкес Жетісу облысындағы пошта ведомстволарының иерархиясы жалпы империяғадағы жүйеге сәйкес қалыптасты. Мәселен, 1872 жылы Түркістан почта-телеграф округіне Жетісу облыс пошта конторасы қарады. Оның құрамында: Копальский, Токмакский, Лепсинский уезд пошта-конторалары; Каракольский, Сергиопольский, Үржарский, Кульджинский Пошта бөлімдері болды (ҚР ОМА 194-қ., 1-т., 3-іс., 9-10 парақ). Жетісу облысының пошта басқарма бастығы (управляющий почтовой частью Семиреченской области) жылдық есебінде Жетісу облысында 6 пошта тракттары, 86 пошта станциялары, 23 пошта жәшіктері болып, ол жәшіктер күніне 1-2 рет жөнелтілетін болған (ҚР ОМА 194-қ., 1-т., 19а-іс., 122 парақ). Ал 1884 жылы облыста пошта және телеграф мекемелері бір басқармаға қарайтын болды. Барлық пошта-телеграф мекемелері 28 мамыр 1886 жылы қайта құрылған Түркістан пошта-телеграф округіне кірді (Обзор Семиреченской области, 1889:57). 1882-1899 жылдары Жетісу облысында 15-19 пошта-телеграф мекемелері қызмет жасады. Олардың ішінде пошто-телеграф конторалары (Верненская (III класс), Джаркенская және Кульджинская (V класс), Копальская, Пішпекская, Сергиопольская, Царицынская, Бахтинская (VI класс)), пошта-телеграф бөлімдері (отделения) (Борохузирское, Илийское, Мало-Аягузское, Отарское, Урджарское), пошта конторалары (Лепсинская, Прежевальская (VI класс)) және почта бөлімдері (Нарынское, Сарканское, Токмакское) (Обзор Семиреченской области, 1890 79).

1882-1899 аралығында ұзақтығы 2168  $\frac{3}{4}$  верстаға (шамамен 2312,8224 км ) жеткен 6 пошта тракттарында 76-138 маман жұмыс жасады. Мәселен, 1897 жылғы статистика бойынша 990 107 халқы (Обзор Семиреченской области, 1897) бар Жетісу облысына 137 маманы бар 20 пошта мекемелері ғана қызмет көрсетті. Әрбір қызметкер шамамен 7000 тұрғынға қызмет жасады.

### ***Пошта тракттарын күтіп ұстау міндеттемелері***

Басқа мемлекеттер тарихынан көретініміздей, пошта жүйесі континентке империя

ішкерілей еніп жатқан әскердің коммуникациялық қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, Пошта жүйесінен түскен артық табыс не болмаса салықтың бір бөлігі әскери бөлімдерге жұмсалды (Gupta Devyani, 2010:570).

Жетісу облысында пошта станциялары әскер уақытша тұрақтайтын, провизиямен және басқа қажеттіліктермен қамтамасыз етілетін орындарға айналды. Мәселен, жылда негізгі пошта тракты бойымен Түркістан әскери округіне әскер қатарына жаңадан шақырылғандар және қайтар жолда осы бағытта төменгі шенді запастағы әскерилер өтетін болған. Сонымен қатар, Қытаймен шекарада әскерді орналастыру қажеттілігінен осы пошта тракты арқылы үлкен көлемде әскер екі бағытта да жүріп тұрды. Киіз үй тігіп шығынданбас үшін 1881 жылы Қапал уезінің волостарында өздерінің есептерінен өтіп бара жатқан әскерлер үшін пошта станцияларының жанынан казармалар салынды. Кейін басқа уездерде де осы тәжірибе қолдана бастады (Обзор Семиреченской области, 1882, 37). 1882 жылдың өзінде өтіп бара жатқан әскер үшін жергілікті қазақтар 2670 кийіз үй, 2320 қой және 270 ірі қара, 767 сажынь отын жеткізді. Қазақтарға жеткізілген тауардың бағасы әділетті төленбей олар 98100 рубль көлемінде шығын көрді. Құжаттардан көретініміздей әскер үшін жергілікті қазақтар мал мен киіз үй тігу міндеттерін атқарды (1883 жылы жойылды) (Обзор Семиреченской области, 1883:35-36). 1883 жылы Верный-Қапал тракты бойында осындай казармалар мына станцияларда тұрғызылды: Ақсу (Аксуйской) (1 950 р.), Абакумовск (Абакумовской) (2 000 р.), Арасан (Арасанской) (2 000 р.), Ак-ичкинской (1 900 р.), Сарыбулак (Сарыбулакской) (1 900 р.), Қарақұлак (Каракулакской) (1 900 р.), Джангыз-Агачской (1 900 р.), Царицынск (Царицынской) (1 900 р.), Кугалинск (Кугалинской) (1 900 р.), Алтын-Емел (Алтын-Эмельской) (2 200 р.), Куян-Кузской (2 000 р.), Карачекинской (2 000 р.), Чингильдинской (2 300 р.), Кутентайской (2 800 р.) (Обзор Семиреченской области, 1884:29). Ал Нарын пошта тракты бойында өтетін әскер үшін казармалар мен ғимараттар 1883 жылы мына станцияларда салынды: Көкмойнақ (Кокмайнакск) (3 056 р., 18 к.), Караункурсткой (2 345 р. 30 к.) (Рабочая комиссия по изучению Туркестано-Сибирского железнодорожного округа, 1909:29).

Сол сияқты, Жетісу облысында қатынас жолдары негізінен грунт жолдары арқылы жүзеге асырылғандықтан, пошта XIX ғасырдың екінші жартысында тек жылқымен және арба-

лармен (обоз) тасымалданды. Шамамен грунт жолдарының ұзындығы 2156  $\frac{1}{4}$  верст (2300,0208 км) болып, ол жолдармен жылына пошта шамамен 946 334 верст (1009549,1112 км) жүріп өтетін еді (ҚР ОМА 194-қ.1-т., 19а-іс, 122 парақ).

Пошта трактырын земский және қоғамдық станица және село капиталы есебінен және жергілікті халық еңбегімен жолды күтіп-баптау жүргізілді. Сол себепті, пошта трактыры басқа жолдарға қарағанда жақсы жағдайда болды (Рабочая комиссия по изучению Туркестано-Сибирского, 1909:145). К. П. фон Кауфманның есебін қарайтын болсақ онда пошта станцияларын (содержание) қамтамасыз ету станцияға жақын орналасқан рулар мен оларды басқаратын билерге жүктелді делінген. Олардың негізгі міндеттеріне мыналар кірді: станцияны үш жылқы, үш ямщикпен, станция ғимаратының құрылысын, жылуын және тазалығын сияқты шаруашылық жақтарын қамтамасыз ету болды. Бийлер мен олардың рулары жылына ұсынған жылқылары үшін 120 рубль, ал шаруашылық жағынан жасалған жұмыстарына 360 рубль төлеп отырды. Ал қазынадан станцияға үш жылқы, арба мен ат әбзелдері беріліп, оларды жөндеу жұмыстарын да қамтамасыз ету қажет еді (Проект всеподданнейшего отчета генерал-адъютанта К. П. фон Кауфмана, 1881:13).

Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже бойынша (§330) көпірлерді, жолдар мен пошта трактырын жөндеу мен күтіп ұстау бойынша салықтар жергілікті көшпелілерге жүктелгені туралы көрсетілген. Пошта және басқа да трактыр бойындағы көпірлерді жөндеу жұмыстарына әр үйден (с кибитки) 10-нан 15 копейға дейінгі сомма ерекше салық алынып отырды. Сонымен қатар, еңбекпен өтелетін салықты да көшпелілер өтеп отырды (Обзор Семиреченской области, 1883:35).

Бұдан көретініміз пошта трактырын және ондағы көпірлерді салу мен жөндеу жұмыстары жергілікті қазақ халқына жүктелді. Пошта трактыры басқа жолдарға қарағанда сапасы жақсы болуына байланысты үнемі қолданыста болып, жергілікті қазақ халқының еңбегі мен ресурстарын пайдаланып отырып, ауыртпашылық болып мойындарына ілінді.

#### ***Пошта-телеграф қызметкерлері.***

XIX ғасырдың екінші жартысында-XX ғасырдың басында пошта-телеграф мекемелерінде әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері қызмет жаса-

ды. 1851-1885 жылдар аралығында (в почтовой службе Управляющий почтовой частью) пошта қызметін аймақта **Пошта Басқарма бастығы** басқарды. Ал оның негізгі функциясы қарамағындағы мекемелерінің қаржылық қызметін бақылап, пошта қызметін ұйымдастыру туралы жарғыларды жариялап, уездік пошта контораларының Пошта департаментінің тапсырмаларының орыдалуын қадағалап, пошта-телеграф мекемелерінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдап, қызметтен босату туралы шешім қабылдады. Қызметкерлерді сіңірген еңбегіне қарай разрядтан разрядқа ауысуын бекітіп отырды. Пошта мекемелерінің бастықтары жергілікті жерде дәл осы қызметтерді атқарып отырды, тек уезд немесе белгілі пошта станциясымен шектеліп отырды.

***Пошта Басқарма бастығының орынбасары*** (помощник управляющего почтовой частью) немесе пошта конторасының басшысы (начальник почтовой конторы). Барлық пошта қызметкерлері 6 разрядқа бөлінеді. Бұл разрядқа күзетшілер, хат таратушылар (сторожа и рассыльные) сияқты ұсақ қызметкерлер кірмеді. Пошта конторасының мамандар саны орта есеппен 10-11 адам болатын.

Пошта-телеграф мекемелерінің қызметкерлері толықтай мемлекетпен қамтамасыз етілді. Жалақыдан бөлек оларға обмундированияға және тамағына қосымша ақша беріліп отырды. Қызметкерлерді дәрежеден дәрежеге ауыстыру басқарма бастығының құзыретінде болды. Ал оларды өз кезегінде пошта немесе телеграф департаменті дәрежесін көтеріп отырды. Телеграф департаментінде шенеуліктердің дәрежесін көтері әдетте жылына 3 рет жүзеге асырылатын: 1-қаңтарда, 1-мамырды, 11-қыркүйекте. 1885 жылы пошта мен телеграф ведомстволарының бірігуіне байланысты «пошта-телеграф шенеулігі» деген ұғым 1918 жылға дейін қолданылып келді.

Пошта-телеграф округінде (ПТО) **округ басшысы** (начальник округа), екі көмекшісі, іс жүргізуші, есепші (бухгалтерден), олардың екі-екіден көмекшілері; екі бас механик (старшие механики) және үш кіші механик. Шамамен 14 адам қызмет жасады. Пошта-телеграф округінде басқару мен координацияны пошта-телеграф округінің басшысы жүзеге асырды. Ол пошта мен телеграф басқарманың алдында жауапты болды. Оның тікелей қол астында екі көмекшісі, бас механик және іс жүргізу бөлімі қызмет жасады. Оның көмекшілері пошта және

телеграф мекемелерін әкімшілік басқару мен бақылау, жазалау бөлімі (экзекуторная часть) (қызметкерлерді жазалау мен штраф салумен байланысты). Бас механик пошта-телеграф округінің техникалық қамтамасыз етілуіне жауапты болды (Ромашов, 2005:140-145).

### **Қазақ ямщиктері.**

Поштада төменгі санаттағы позициялардың бірі болған ямщиктер, көп жағдайда қазақтардан шыққан тұлғалар болатын. Ямщик – (ямская гоньба) атпен пошта және басқа заттар тасымалымен айналысатын тұлға. Олардың негізгі қызметі пошта тасымалымен және пошта станцияларының шаруашылығымен (қораларды, мастерскойларды күтіп қстау, экипажды жөндеу т.б.) айналысу еді. Шарт талаптарын орындау үшін олардың мықты, төзімді жылқылары, сапалы әбзелдері, шаналары мен арбалары болуы

керек еді. Каретниктер (каретники) – кареталар мен басқа да экипаждарға арналған сарайлар. Ямская гоньбамен айналысу үшін ямщиктерде сәйкесінше дағдылары мен қасиеттері болуы шартты еді. Олар физикалық мықты, төзімді, тәртіпті болып, жергілікті климаттық ерекшеліктер мен айналадағы орта ерекшеліктері туралы білімі бар тұлғалар болуы керек еді. Қазақстан территориясындағы пошта тасымалын күрделендірген бірнеше факторларды айтатын болсақ: қыста қатал климаттық жағдай, географиялық ерекшеліктер, елді мекендер мен пошта станциялары аралығындағы үлкен қашықтықтар, күндіз де, түнде де үнемі далалық жағдайда жұмыс істеу. Сонымен қатар, ямщиктің жұмысында ең негізгісі бұл жылқы күтімі болды. Оларды баптап күту, ұзақ жолға дайындау ямщиктің жұмысының өнімді болуының негізі еді.

**1-кесте** – Верный пошта-телеграф конторасы қарамағындағы станциялардағы ямщиктер 1911 жыл (ҚР ОМА 194-к, 1-т, 87-іс, 28 арты, 30 арты, 32 арты, 34 арты, 36 арты, 38 арты парақтар).

№	Станция атаулары	Жоспарланған сан	Қызметкерлер саны	Жасы мен мекендеу қағазы
1	Любавинская	12	Орыс 0, қазақтар 12	Екуінде мекендеу қағазы жоқ
2	Казанско-Богородская	11	Орыс 1, қазақтар 0	20 мен 48 жас арасы
3	Самсинская	11	Орыс 0, қазақтар 9	
4	Таргапская	12	Орыс 0, қазақтар 11	
5	Отарская	13	Орыс 0, қазақтар 13	
6	Курдайская	13	Орыс 0, қазақтар 13	

Басқа аймақтардағыдай жолдамаларды (посылка) тасымалдау обозбен жүргізілді. Обозды жүргізбес бұрын 10 күндей жылқыларды дайындайтын (откармливали). Обоз жүретін бірінші күні жылқыларға азық берілмеді, Екінші станцияда тек бір пуд сұлұны бес жылқыға бөліп, бір ұрттам су берілетін. Жем мен судың мөлшері станциядан станцияға өткен сайын ұлғайып, соңында ішіп-жеуіне еркіндік берілді.

Ямщиктер қазақтар арасынан да болды. Оларға негізгі талап: болыс басшысымен берілетін «благонадежность» туралы куәлік (удостоверение о благонадежности), жастары шамамен 20 мен 48 жас аралығында болу керек еді. Соның негізінде жұмысқа қабылданатын. Солардың ішінде Қарғалы болысының № 5 ауыл тұрғындары Мамин Тұрсынбеков, Нұрмақ Данияров, Ботпай болыстығының тұрғыны Әбдібай Нарбеков. Жетісу облысындағы кейбір станцияларда олардың саны ғана көрсетілген. Одан

оларда негізінен ямщиктер қазақтар болғанын көре аламыз (**Кесте-1**).

### **Қазақ шенеуніктері.**

Ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ шенеуніктері өздеріне бейтаныс болып келген салалардың бірі пошта-телеграф мекемелерінде қызмет жасай бастаған. Қазақтар арасында бұл сала аса белгілі бола қоймаған ба, әлде қол жетімсіз болғандықтан ба, олардың саны өте аз болғанын көре аламыз. Мәселен, 1901 жылы наурыз айында Дала генерал-губернаторлығы кеңсе басқарма бастығы В.С. Лосевский Омск пошта тасымалы бөлім бастығы С.И. Успенскийге Султан Еш-Мұхаммед Сүйік-оғлы Аблайхановтың ұлы сұлтан Аблайханов – Мадалханнды разъездной шенеунік ретінде қызметке алуға өтініш білдіреді. Алайда, осы салада тәжірибесі екі жылдан кем емес және пошта іс-жүргізуінде белгілі

дағдылары мен білімі бар тұлғаларға басымдық берілетіндіктен, өтініш қанағаттандырылмады (Сатенова, 2014). Сол сияқты, бізге белгілі болған тұлғалардың ішінде мәселен, Омск пошта-телеграф округінде Досмухамед Кеменгеров, титулярды кеңесші (титулярный советник) IV разрядты шенеунік, кейін коллежский советник VI разрядты шенеунік дәрежесіне жеткен еді. Ол Омск пошта-телеграф округінде Ақмола, Тобольск контораларында қызмет жасады (Айтмухамбетов, 2010:130-131).

Алайда осындай жетістіктер Қазақстан бойынша өте сирек болып, қазақ шенеуніктерінің басым көпшілігі әртүрлі билік органдарында тек аударма және іс жүргізу ісіне тартылды. Мұның өзіндік себебі іс жүргізу басқарудың салаларын өзара байланыстырушы құрал болғандықтан әрі құжаттық ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етуіне орай маңызды сала ретінде қарастырылады. Сол себепті бұл салаға жергілікті халықтың дәстүрін, мемлекеттік құрылымын білетін арнайы кәсіби әскери білімі мен дайындығы бар мамандар қажет болды.

Хаткерлер мен іс жүргізушілерді даярлау ісі бірқатар өңірлерде түрлі оқу орындарының ашылуымен басталды. Олар басқарудың әр деңгейіндегі іс жүргізуді ұйымдастыру және бақылауға жауапты мамандар болды. Танымал Омбы азия училищесі хаткерлер мен іс жүргізушілерді даярлаудың алғашқы орталығы болса, онан бөлек Омбы азия аудармашылар мектебі, Құлжадағы аудармашылар мектебі, Қазан университетінің шығыстану факультеті аудармашы мамандарын даярлаумен іс жүргізуші саласын мамандармен қамтамасыз етіп отырды.

Омбы азия мектебі 1789 ж. Орта қазақтарымен және басқа да азия халықтарымен қарым-қатынас орнату мақсатында татар тілінің тілмаштарын даярлау үшін ашылған алғашқы оқу орнының бірі болатын (Золотов, 2020: 157). Мектепте тілмаштар мен аудармашылар даярланатын. Император I Николайдың жарлығына сәйкес 1837 ж. 17 қаңтарда Омбы азия мектебі қысқартылып, Сібір линейлік казак әскері училищесінің жанында шығыс тілдері мен топографтардың жеке класы ашылады (Из истории Сибирского (Омского) кадетского корпуса).

Мемлекеттік қызметшілерді даярлайтын барлық оқу орындарының бірі Омбы Азия аудармашылар мектебі болғаны белгілі. Т.Т.Далаеваның пікірінше, «осы мектепте білім алуға деген ұмтылыс, әрине, «қара сүйектен» шыққан қазақтардың уездік приказдар мен болы-

старда мемлекеттік қызметке жұмысқа тұруымен және жергілікті деңгейде басқару ісіне араласумен байланысты болды. Көбінесе мансаптағы алғашқы қадам кеңсе қызметкері – хаткерлер болды. Білім алушыларға, сыртқы округтерде мектеп ашуға және қажетті жәрдемақыларына қаражат Омбы округтік қазынасынан бөлінетін» (Далаева, 2016: 83).

Тағы бір айта кетерлігі, колониялардағы аудармашы мамандығы орыс шенеуніктері үшін қаржылық жағынан аса тартымды болмаған. Қазандағы шығыстану факультетін бітірген жас мамандар орталық мекемелерде, атап айтқанда, метрополияның министрліктерінде мансап жасауды жөн көрген. Ресей империясының Шығысында бұл жағдай күрделене түскен соң, тіпті Орынбор губернаторы 1845 жылы 1 желтоқсанда Қазан университетіне татар тілінің аудармашыларын жұмысқа үміткерлер ретінде қабылдау туралы өтініш білдіреді. Өйткені университетті аяқтаған түлектер жалақысы төмен жұмысқа орналасқысы келмей, оқуын тастап жататын. Империяның мансап құру және шығыстанушыларды жұмысқа алу туралы қабылдаған осы шешіміне сәйкес Қазан университетінің шәкіртақыға оқыған түлектері кемінде алты жыл міндетті мемлекеттік қызмет орындауға міндеттеледі (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 29).

Архив құжаттары негізінде іс жүргізу саласында жұмыс істейтін қызметкерлер туралы анықталған мәліметтер бойынша мәселен, Жетісу облыстық басқармасының штат құрамына: іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, іс жүргізушілер, іс жүргізуші көмекшілері, архивариус және тіркеушілер, кітапханашы, кеңсе шенеуніктері мен кеңсе қызметкерлері, аудармашылар кірген. Верный қаласының мекемелерінде хаткершілер, іс жүргізу бөлімінің меңгерушісі, іс жүргізушілер, кеңсе шенеуніктері, кеңсе қызметкерлері, жазбаша және ауызша аудармашылар жұмыс істеген. Уездік мекемелерде хаткерлер, кеңсе қызметкерлері, кеңсе қызметкерлері, жазбаша және ауызша аудармашылар жұмыс істесе, болыс деңгейіндегі кеңсе жұмыстарын хаткерлер (писарь) орындаған.

Тақырыпты зерттеу аясында іс жүргізу саласы мамандарына қойылатын біліктілік талаптары кездеспесе де, 1885 ж. 20 сәуірде Түркістан генерал-губернаторының бұйрығымен «Түркістан өлкесінің лауазымды аудармашыларына арналған нұсқаулық» бекітіледі (Инструкция, 2016: 307-312). Бұл нұсқаулық Түркістан бойынша аудармашыларды «ресми аудармашылар»

деп атауды және олардың орыс тілінен жергілікті тілдерге аударма жасаудың белгілі талаптарын белгілейді. Аса мәртебелі императордың жоғарғы титулдары мен атақтары, Түркістан өлкесіндегі үкіметтік мекемелердің атаулары, олардың қызметкерлерінің титулдары орыс тіліндегі ресми атауына сәйкес еш өзгеріссіз айтылуы белгіленеді. Жазбаша аудармада мұндай тіркестер жергілікті тілдерге аударылмай, бірыңғай транскрипциясы сақталып жазылуы тиіс (Инструкция, 2016: 308).

Жетісу өңірінде әскери-азаматтық басқарудың ерекшеліктерін ескере отырып, іс жүргізу саласында барлық шенеуніктердің Рангтер туралы табельге сәйкес шендері болуы тиіс. Рангтер туралы табель империяның әскери және азаматтық қызметінде шендер жүйесін және мемлекеттік қызметті атқару тәртібін белгілейтін 1722 ж. қабылданған негізгі нормативтік құжат. Оған сәйкес шендер әскери, азаматтық және қызмет көрсету бойынша үш түрге бөлінді. Мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың нақты құрылымын көрсететін және оны жоғарғы биліктің қадағалауын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін осы құжаттың қабылдануымен іс жүзінде мемлекеттік басқару ісінде иерархиялы бағыныстылық құрылым енгізілді. Барлық әскери, азаматтық және қызмет көрсету шендер он төрт класқа бөлінді және бірінші класс жоғарғы шенді, он төртінші класс төменгі шенді білдірді (Львов, 2022: 41-41). Жетісу облыстық басқармасының қызметкерлерінің шендерін институционалды тұрғыдан талдау барысында әрбір лауазымның дәрежесін анықтау мүмкін болды. Облыстық басқармада жұмыс істейтін сегіз іс жүргізушінің шендері 14 кластық коллегиялық тіркеушіден 8 кластық коллегиялық ассессорды қамтыды (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 794. П. 22). Мысалы, 1897 жылғы облыстық басқарма қызметкерлерінің жеке құрамына талдау жасау барлық қызметкерлердің жалпы санының 20 пайызы ғана 14-ші кластан 8-класқа дейінгі әртүрлі шенге ие болғанын көрсетті. Ұлттық құрамына келсек, 54 іс жүргізу қызметкерлерінің небәрі 4 қазақ болды және олар жалпы қызметкерлер санының 7 пайызын ғана құрады. Сыртанов Тұрдыбек (Сыртанов Турдыбек – *Архив құжатына сәйкес*) және Құрманбаев Асылқожа (Құрманбаев Асыл-Ходжа – *Архив құжатына сәйкес*) түземдік тілдер аудармашылары шені болмаған. Кеңсе шенеуніктері арасында 1 қазақ Қарашев Нұрахметтің ғана (Карачев Нур-Ахмет – *Архив құжатына сәйкес*) коллегиялық ассессор шені болған. Сыртанов Бардыбек, титулды

кеңесші шені бар және ол іс жүргізу меңгерушісі қызметінде болған.

Сол жылы Верныйда қазақ тілінде жалғыз аудармашы Чалымбеков Бәкі жұмыс жасаған (Адрес-календарь, 1897: 1-2). Іс жүргізу саласында әскери шені жоқ адамдар өте сирек кездеседі. Бұл бір жағынан, Қазақстанды әскери колония ретінде қарастырған империяның саясатымен байланысты мемлекеттік қызметке тек әскери шенділер қабылданса, екінші жағынан, Түркістанда әскери тәртіпті күшейту мақсатында осы талаптың орындалуы міндетті болуымен байланысты. Жазбаша орындалатын жұмыстарда бірен-саран кездескен шені жоқ адамдарды отставкаға жіберіп отырған. Мәселен, Ыстықкөл уездік басқармасына жазбаша жұмыстарды орындауға жіберілген шені жоқ Владимир Иванов денсаулығына байланысты отставкаға жіберіледі (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 421. П.150).

Іс жүргізу саласында қазақ шенеуніктері жергілікті жерлерде қалай және қандай лауазымға тағайындалды? Орыс қоныстарында қоныстарында хаткерлер старшындардың өтініші бойынша тағайындалды. Қазақ болыстарында орыс қоныстарымен салыстырғанда ережеде көзделген тағайындау тәртібінің бұзылуы орын алып отырған. Осындай жиі кездесетін заң бұзушылықтар облыс мекемелеріндегі іс жүргізуді тексеру барысында жиі анықталып отырған. Мысалы, 1904 жылдың 29 қаңтары мен 9 наурызы аралығындағы вице-губернатордың облыстық мекемелердің іс жүргізуін тексеруі кезінде Преображенский қонысында ауылдық хаткер қауымдастықтың үкімімен сайланған фактісі анықталады. Осы жайтқа қатысты вице-губернатор ауыл қауымдастығының мұндай әрекетін заң талаптарына сәйкес деп санауға болмайтынын атап өтеді. Хаткер мамандарды таңдағанда жалақының арзандығына емес, оның танымына, кеңсе жұмысы мен іс жүргізу біліміне, адамгершілік қасиеттеріне мән беру керектігі атап көрсетіледі. Қазақ болыстарында хаткер болғысы келетін үміткер уез бастығына немесе учаскелік приставқа өтініш білдіреді. Уезд бастығының бұйрығымен хаткер немесе оған үміткер болып тағайындалады (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 21-23). Вице-губернатордың осы тексерісті жүргізуі кезінде болыс басшыларының хаткерлерге тапсырманы орындамағаны үшін ақшалай айыппұл салу фактілері де анықталады. Мұндай әрекеттердің де заңсыз және облыстық бастықтың түсініктемесіне сәйкес келмейтіні атап өтіледі (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 26

арты).

Хаткерлер жұмысқа қабылдау кезінде формулярлы тізім толтыратын. Формулярлы тізім қазіргі кеңінен танымал әр қызметкер толтыратын жеке іс парағы тәрізді құжат. Онда сауалнама түрінде жұмысқа қабылданушының өмірбаяны, білімі мен еңбек жолы туралы толық мәліметтер беріледі (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 26 арты). Мысалы, Жетісу облыстық басқармасы қарамағында аудармашы қызметін атқарған Асылқожа Құрманбаевтың (Асыл-Ходжи Курманбаев – *Архив құжатына сәйкес*) формулярлы тізімінен қызықты мәліметтер кездестіреміз. Ол мұсылман отбасында дүниеге келген. Қызмет өткерген уақытында еңбегі үшін айрықша марапаттары жоқ. Жылдық жалақысы 800 рубль, оның 533 рубль 331/3 тиыны айлық және 266 рубль 662/3 тиыны тамаққа жұмсалатын қаражат. А. Құрманбаев Орск-қырғыз мектебінің курсы және Красноуфимский реалды училищенің ауылшаруашылық бөлімін бітірген. Мемлекеттік жылқы шаруашылығы Бас басқармасының 1888 жылғы 27 қарашадағы № 21 бұйрығы бойынша Қостанай зауытының ат күтуші бөліміне хаткерші болып тағайындалады. 1889 жылы 10 наурызда Жетісу облысының Қапал қаласындағы Ауылшаруашылық училищесінің басшысы болып тағайындалады. Мұсылман әйелге үйленген. 1892 жылы 23 мамырда Зайсан ауылшаруашылық училищесінің басшысы болып тағайындалады. 1893 жылы 7 қазанда Ақмола облыстық сотында тұрақты аудармашы болып жұмысқа қабылданады. 1895 жылы 7 қаңтарда Жетісу облысы әскери губернаторының міндетін атқарушының бұйрығымен Жетісу облыстық басқармасына аудармашы қызметіне ауыстырылады. Шекара істерінің бастығы Стат кеңесші Пантусовтың еңбек демалысында болған кезінде облыстық әскери губернатордың 1896 жылғы 30 наурыздағы бұйрығымен А. Құрманбаевқа шекара істерін басқару жүктеледі. Шекара істерін тамаша жүргізгені үшін әскери губернатор оған алғыс білдіреді. Кегенде өткен кезектен тыс халықаралық конгреске арнайы тапсырмалар шенеунігі стат кеңесші Пантусов қатыспаған кезде де шекара істерін басқарады. Пантусовтың вице-губернаторлық басқару қызметі кезінде оған шекара істері бойынша хат-хабарларды жүргізу және барлық шығыс құжаттарды ресімдеу тапсырылады. 1889-1893 жж. Дала өлкесіндегі Ауылшаруашылық мектептерінің меңгерушісі қызметінде болып, осы уақыттан бері Облыстық басқарма жанында аудармашы қызметін де атқарады (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс.

2127. П. 26 арты).

Әрине, А.Құрманбаев сияқты аудармашылардың барлығы да өз қызметіне мұндай еңбекқорлығымен, адалдығымен ерекшелене қойған жоқ. Жергілікті шенеуніктерден бүкіл мансап жолында ұлы мәртебелі императорға адал қызмет ету талап етілді. Жетісу облысының әскери губернаторы арнайы тапсырмалар жөніндегі аға шенеунікке жергілікті шенеуніктердің, оның ішінде аудармашылардың да империяға қызмет етудегі адалдық дәрежесін анықтауды тапсырады. Шенеуніктердің ант қабылдау тәртібі қаншалықты қызықты болса, оның ұйымдастыру мен өткізу барысының көрінісінің толық ашылмауы соншалықты ашылмаған факт болып қала береді. Алайда, ант беру сертінің мәтіні «Төменде көрсетілген мен, тендесі жоқ Ұлы Жаратушы Тағаланың Құран Кәрімнің алдында уәде беремін және ант етемін. Мен Мәртебелі Императорға... адал және ашық қызмет етуді қалаймын және оның барлығына бағынуға міндеттімін...» деп басталып, былай аяқталады «Барлық ант беруімнің серті соңында Құран сөздерін сүйемін. Әумин». Ант мәтіні алдымен орыс тілінде беріліп, кейін жергілікті тілге аударылған (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 69а).

Аудармашы лауазымына ие болу жергілікті халықтың барлық өкілдерінің азаматтық шен алуға және осындай қызмет арқылы Ресей үкіметіне сенім білдіруіне бірден-бір мүмкіндік болғаны айқын. II Екатерина дәуірінен кең етек жая бастаған марапаттау кейінгі ғасырларда орыс әкімшілігі тарапынан қазақ байлары мен шенділерін түрлі құрмет, сый-сияпатпен марапаттауға жол ашты. II Екатерина 1784 ж. өз жарлығымен Нұралы ханға ақшалай марапаттар ұсынып, оның жеке сұраныстарын қанағаттандырып, жергілікті әкімшілік органдарымен ынтымақтасуға жөн сілтеген (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 30). Мұндай әрекеттің барлығы Ұлы мәртебелі императорға адал қызмет көрсету мен сенім білдірудің белгісі ретінде қазақтарды мойын ұсынуға итермеледі. Марапаттаудың кез келгені бір ғана мақсатты, яғни Аса мәртебелі императорға «аса сенім» білдіру ниетімен мақұлданса болғаны жеткілікті еді.

Қазақтардың шенеунік лауазымын иеленушілері санының өсуі императорға деген адалдықтың аясын кеңейтуіне қарамастан қазақтар үшін осы артықшылықтан басқа ешнәрсені білдірмеді. С. Асфендияров атап өткендей, «қазақтарға осындай артықшылықты иемдену құқығы патшаға бар ынтымақпен

және адал қызмет етумен, үкімет аппаратында тиісті қызмет атқару жолымен империяның ортақ заңдары негізінде берілді. Осыдан келіп қазақ қоғамының бұрынғы қандай да руларына жататындығына қарамастан қазақтардан әртүрлі «құрметті мұрагер болатын азаматтар» шықты» (Асфендияров, 2014: 163-164). Әрине, империя мұндай қазақ азаматтарын арнайы марапаттау жолымен өз мүддесіне жақын ерекше топ қалыптастыруға тырысуы да мүмкін. Алайда, қазақ хаткерлері мен аудармашыларын марапаттаудың айрықша тәртібі белгілі нормативтік құжаттармен бекітілмеген. Марапаттаудың барлық үдерісі империяның ортақ заңдарына сәйкес жүргізілді. Егер 1867 ж. императордың жарлығы бойынша барлық бұратана халықтарға, оның ішінде қазақтарға да әскери шен сұрауға тиым салынуын ескерсек (Отеева, Ильясова, 2015: 89), қазақтардың басым бөлігіне төменгі шендегі лауазымдар ұсынылды. Қалай болғанда да, азаматтық

қызметте мамандардың жетіспеушілігі немесе тұрақсыздануы үнемі орын алып отырған. Осыған орай XIX ғ. екінші жартысында, нақтырақ 1878 ж. Мемлекеттік кеңес әскери министрдің ұсынысы бойынша Түркістан өлкесінде салық төлеуші топ (податное сословие. *Авт.*) өкілдеріне кеңсе қызметкерлерінің жұмысын атқаруға рұқсат береді (Sartori, Shabley&Shabley).

Жетісу облысындағы қазақ шенеуніктерінің арасында 1897-1905 жж. жергілікті және шығыс тілдерінің аудармашылары туралы мәліметтерді Султанғалиева Г.С. мен Абдрахм М.Е. жариялаған еді (Султанғалиева, Абдрахм, 2020: 72-73). Ресми 1897 жылғы күнтізбелі адрес бойынша Жетісу облысының уездік және болыстық мекемелерінде қызмет атқарған қазақ шенеуніктері (іс жүргізушілер мен хаткерлер) туралы мәліметтер жинақталды және олар 1-кестеде беріліп отыр (Адрес-календарь, 1897: 2-52).

**2-кесте** – 1897 ж. Жетісу облысындағы қазақ іс жүргізушілері мен хаткерлері туралы мәліметтер

№ р/н	Мекеменің атауы	Қызметкердің саны	Қазақ қызметкерлерінің саны	Қызметкердің аты-жөні*	Қызметкердің лауазымы	Шені
1	Жетісу облыстық басқармасы		1	Сыртанов Турдыбек	Түземдік тілдер аудармашысы	Жоқ
2	Жетісу облыстық басқармасы		1	Курманбаев Асыл-Ходжа	Түземдік тілдер аудармашысы	Жоқ
3	Жетісу облыстық басқармасы	7 кеңсе қызметкері	1	Карачев Нур-Ахмет	Кеңсе шенеунігі	Коллегиялық асессор
4	Лепсі уездік басқармасы	7	2	Джуманов Нур-Ахмет	Жазбаша аудармашы	Жоқ
5				Нурджанов Абуш	Ауызша аудармашы	Жоқ
6	Жаркент уездік басқармасы	3	1	Кожагулов Джумадыл	Кеңсе қызметкері	Көрсетілмеген
7	Қапал уездік	4	1	Нысаков Азильбек	Кеңсе қызметкері	Жоқ
<b>Верный уезі бойынша 20 қазақ болысының 1 болысында ғана қазақ хаткер бар</b>						
8	Жайылмашы болыстық басқармасы	-	1	Чингисов Ибрай	Хаткер	Көрсетілмеген
<b>Қапал уезінде 15 қазақ болысының барлық хаткерлері орыс ұлтынан</b>						
9	Қапал уездік басқармасы			Нысаков Азильбек	Кеңсе қызметкері	Жоқ
<b>Пішпек уезі бойынша 23 қазақ болысының 12 болысында қазақ хаткер бар</b>						
10	Атеке болыстық басқармасы	-	1	Султанаев Белек	Хаткер	Жоқ
11	Багишев болыстық басқармасы	-	1	Ишпулатов Сарыбай	Хаткер	Жоқ

№ р/н	Мекеменің атауы	Қызметкердің саны	Қазақ қызметкерлерінің саны	Қызметкердің аты-жөні*	Қызметкердің лауазымы	Шені
12	Бүлекбай болыстық басқармасы	-	1	Турдымбетов Иман-Алы	Хаткер	Жоқ
13	Жұмағалы болыстық басқармасы	-	1	Уразалин Дүйсе	Хаткер	Жоқ
14	Қарабұлақ болыстық басқармасы	-	1	Устемиров Агай	Хаткер	Жоқ
15	Қарабалта болыстық басқармасы	-	1	Байтелин Сарымбет	Хаткер	Жоқ
16	Сарыбағаш болыстық басқармасы	-	1	Адучинов Бирюбай	Хаткер	Жоқ
17	Сукулук болыстық басқармасы	-	1	Балтагулов Кадий	Хаткер	Жоқ
18	Сейким болыстық басқармасы	-	1	Султанбеков Данагул	Хаткер	Жоқ
19	Темірболат болыстық басқармасы	-	1	Мамбетов Даулет	Хаткер	Жоқ
20	Тынай болыстық басқармасы	-	1	Кенджебаев Чомбай	Хаткер	Жоқ
21	Толқан болыстық басқармасы	-	1	Худайбергенов Ахмет	Хаткер	Жоқ
<b>Пржевальск уезі бойынша 20 қазақ болысының 1 болысында қазақ хаткер бар</b>						
22	Шарын болыстық басқармасы	-	1	Кудырбеков Сулеймен	Хаткер	Жоқ
<b>Лепсі уезі бойынша 18 қазақ болыстың 3 болыста қазақ хаткер бар</b>						
23	Мырзатай-Қарасу болыстық басқармасы	-	1	Арықбалин Негмеджан	Хаткер	Жоқ
24	Емел болыстық басқармасы	-	1	Нурушев Нуртай	Хаткер	Жоқ
25	Балхаш-Лепсі болыстық басқармасы	-	1	Кудырбеков Сулеймен	Хаткер	Жоқ
<b>Жаркент уезі бойынша 12 қазақ болысының 1 болысында қазақ хаткер бар</b>						
26	Байтүке болыстық басқармасы	-	1	Биглов Мухамед-Рахим	Хаткер	Дворян шені бар

\*Қызметкерлердің аты-жөні архив құжатына сәйкес орыс тілінде беріліп отыр. Авт.

Архив құжаттары хаткерлер мен іс жүргізушілерді марапаттау процесін қарастырып, талдауға мүмкіндік береді. 1896 жылы Жер шаруашылығы және мемлекеттік мүліктер министрлігінің кеңсесі министрдің өтініші бойынша шендері бәртiркелген қызметкерлердің атаулы тізімдерін, яғни толық мәліметтерін көрсете отырып сұратады. Мұндай қызметкерлерге патша III Александрды еске алып құрметтеу үшін қасиетті Александр Невский медалін кеудеде тағып жүру тапсырылады (ҚР ОМА Қ. 44. Т.

1. Іс. 2127. П. 32 арты). Осы өтініш бойынша лауазымды тұлғалардың атаулы тізімі жасалды. Жетісу облыстық басқармасы жанындағы түземдік тілдердің аудармашысы қазақ Тұрдыбек Сыртанов 1898 жылы 4 тамызда император III Александрды еске алу құрметіне орай күміс медальмен марапатталады (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 33-33 арты). Жетісу облыстық басқармасы бойынша 13 лауазымды тұлға, оның ішінде 2 іс жүргізушіні және 1 қазақ аудармашыны марапаттауға ұсынылады (ҚР ОМА Қ. 44. Т.

1. Іс. 2127. П. 33 арты-34). Марапатталғандардың қатарындағы іс жүргізушілер орыс ұлтынан, аудармашылар қазақ және орыс ұлтынан болған.

Марапаттау сонымен бірге жергілікті әкімшілік органдардың бастықтарының ұсынысымен де жүзеге асырылған. Мысалы, Лепсі уезінің бастығы 1899 ж. 17 ақпандағы өз рапортымен әскери губернаторға жазбаша аудармашы Нұрахмет Жұмановты (Нур-Ахмета Джуманова – *Архив құжатына сәйкес*) марапаттауға ұсынады. Әскери губернатор уезд бастығының рапорты негізінде Далалық генерал-губернаторға осы жылдың 2 наурызында № 2673 ұсыныс жолдайды. Нәтижесінде шені жоқ Нұрахмет Жұманов III Александрдың күміс медалімен марапатталады (ҚР ОМА Қ. 44. Т. 1. Іс. 2127. П. 34 арты- 35).

### Қорытынды

Қорыта келгенде пошта-телеграф мекемелерінің қызметкерлері Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бірінші жартысында жергілікті мекемелер мен тұрғындарға қызмет жасап, белгілі иерархиялық жүйесі қалыптасты.

Қазақтар пошта-телеграф мекемелерінің төменгі санаттағы позицияларын иеленіп, негізінен қазақ шенеуніктері арасында байланыс саласындағы мекемелерде қызмет еткендері өте аз кездесті. Қазақтар әртүрлі деңгейлердегі мекемелердегідей көп жағдайда аудармашылар мен хатшылар есебінде орналасқаны белгілі.

Іс жүргізу саласы мамандарына, барлық кеңсе қызметкерлеріне арнайы жеке нормативтік актімен реттелетін қатаң талаптар қойылмаған. Арнайы нұсқаулықпен аудармашыларға қойылатын талап олардың бірінші кезекте империяның ортақ заңдарын және жергілікті орыс әкімшілігінің іс-шараларын дұрыс түсіндіріп таратуымен байланысты болды. Орыс тілін жетік меңгерудің маңызы мен жауапкершілігін дұрыс түсінумен қатар оны жергілікті халыққа барлық жағдайда барынша ортақ бірдей түсіндіру аса маңызды болды. Басқа да біліктілік талаптарын тәптіштеп түсіндіретін нұсқаулықтың болу-болмауы әлі де зерттеуді қажет ететінін еске саламыз. Әсіресе кеңсе қызметкерлеріне қойылатын негізгі біліктілік талабы іс қағаздарын білу және адамгершілік қасиеттер болғанын архив құжаттары айғақтайды. Қазақтарға қойылатын ең басты талап – ант беру арқылы орыс әкімшілігіне адал қызмет ету, ал марапаттау – II Екатерина тұсынан бері кең тараған олардың паракорлығының құралына айнала бастайды. Осының барлығы қазақ қызметкерлеріне арқа сүйеп, жергілікті жерлерде орыс әкімшілігінің билігін күшейтуді, сол арқылы өзіне әлеуметтік тірек жасауды қамтамасыз етті.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми комитеті (AP15473303 «Жетісу облысында пошта-телеграф қызметі – Ресей империясы коммуникациясының бір бөлігі ретінде (1865-1917 жж.)») қаржыландырған.*

### Әдебиеттер

- Айтмухамбетов А.А. (2010) Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX-начале XX вв. (исторический аспект). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук Семей. -346 с.
- Адрес-календарь служащих в Семиреченской области на 1897 год (1897). Верный.
- Асфендиаров С. (2014). Шығармалары. Төрт томдық шығармалар жинағы. Том 3. Алматы: «Ел-шежіре».
- Әділбекова З. (2015) Қазалы қаласындағы почта қызметі мен почта-телеграф контораның тарихынан (XIX ғасырдың соңы-XX ғасырдың басы) // Өзбекәлі Жәнібеков оқулары. Алматы, 1 Т. 41-43 бб.
- Базилевич К. (1927) В. Почта в России в XIX веке / К. В. Базилевич. – М.: НКПиТ.-196 с.
- Бухгейм Э.О. Очерк почтово-телеграфного дела в России и заграницей. М.-15 с.
- Воронов И.И. (2020) Почтовый департамент в царствование Александра II (1855–1881 гг.) // Вестник Гуманитарного факультета. № 12. С. 165-173.
- Далаева Т. (2016). Учебные заведения Омска в подготовке казахских чиновников для местного управления (XIX в.). Сборник научных трудов. Омск; Павлодар. С. 79-87.
- Золотов П. А. (2020). Краткий исторический очерк бывшей Омской Азиатской школы (1789 – 1870 гг.). Омск в публикациях XVIII – начала XX вв. Омский государственный историко-краеведческий музей. Омск. С. 157-161.
- Из истории Сибирского (Омского) кадетского корпуса (К 210-летию со дня образования). Электронный ресурс. <https://iaoo.ru/page/iz-istorii-sibirskogo-omskogo-kadetskogo-korpusa-k-210-letiyu-so-dnya-obrazovaniya> (07.01.2024).

- Инструкция должностным переводчикам Туркестанского края (2016). Туркестан в имперской политике России. Монография в документах. Москва. С. 307 – 312.
- Котюкова Т.В. (2016). Туркестан в имперской политике России. Монография в документах. Москва. С. 300 – 327.
- ҚР ОМА, 194-қ., 1-т
- ҚР ОМА, 44-қ., 1-т
- ҚР ОМА 44-қ., 1-т., 794-іс.
- ҚР ОМА 44-қ. 1-т., 421-іс.
- ҚР ОМА 44-қ, 1-т., 2127-іс.
- ҚР ОМА 194-қ., 1-т, 3-іс, 9-10 парақтар.
- ҚР ОМА 194-қ., 1-т., 19а-іс, 122 парақ.
- ҚР ОМА 194-қ, 1-т, 87-іс, 28 арты., 30 арты., 32 арты., 34 арты., 36 арты., 38 арты парақтар.
- Львов А. В. (2022). Табель о рангах 1722 года и эволюция чинопроизводства в XVIII веке. Вестник МГПУ. Серия: Юридические науки. № 3(47). С. 40-51.
- Морев В.А.(2019) Сибирская телеграфная магистраль: к истории строительства (1860–1890-е гг.) // Вестник Томского государственного университета, История. № 59. – С. 203-208.
- Муминова Е.М. (2009) Роль средств связи и текущей корреспонденции в русскотурецкой войне 1877-1878 гг. (Балканский театр боевых действий) // автореферат дисс. на соискание ученой степени к.и.н. М, 2009. – С. 22.
- Обзор Семиреченской области за 1882 год. (1883 ). Верный. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49780-za-1892-god-1893#mode/inspect/page/59/zoom/6> (07.01.2023)
- Обзор Семиреченской области за 1883 год. (1884). Верный. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49771-za-1883-god-1884#mode/inspect/page/37/zoom/4> (07.01.2023)
- Обзор Семиреченской области за 1884 год(1885). Верный. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49772-za-1884-god-1885#mode/inspect/page/48/zoom/4> (09.01.2023).
- Обзор Семиреченской области за 1889 год (1890). Верный. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49777-za-1889-god-1890#mode/inspect/page/59/zoom/4> (24.03.2022).
- Обзор Семиреченской области за 1890 год (1891). Верный. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49777-za-1889-god-1890#mode/inspect/page/59/zoom/4> (24.03.2022)
- Обзор Семиреченской области за 1897 год (1898). Верный. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/52877-za-1897-god-1898#mode/inspect/page/8/zoom/6> (26.01.2023)
- Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. (2006). Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений. М.: ООО «ИТИ Технологии».
- Отеева Г.Е., Ильясова А.С. (2015). Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX век). Сб. документов (1860-1885 гг.). Часть 2. Павлодар.
- Ромашов М.В. (2005) Почтовая, телеграфная и телефонная связь в Самарской губернии (1851-1917 гг.): дисс. на соискание ученой степени к.и.н. Самара. -198 с.
- Россия (1885) Главное управление почт и телеграфов. Сборник постановлений и распоряжений по Почтово-телеграфному ведомству. Часть 1. СПб. – 152 с.
- Рабочая комиссия по изучению Туркестано-Сибирского железнодорожного округа (1909). СПб.Типография Ц. Край, Театральная пл., 4, Часть 1. – п.т. . – 277 с.
- Проект всеподданнейшего отчета генерал-адъютанта К. П. фон Кауфмана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства: 7 ноября 1867–25 марта 1881 г (1885). СПб.- 503 с.
- Султангалиева Г.С., Абдрахим М.Е. (2020). Казахские переводчики Семиреченской области. Вестник МГПУ. Серия: Юридические науки. № 3(47). С. 67-78.
- Сатенова М.Р (2014). Наброски к портрету султана Иш-Мухаммеда Аблайханова // Сайт Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. 15 октября. <https://iie.kz/?p=4213> (01.12.2023)
- Толковый словарь. Электронный ресурс <https://www.efremova.info/word/pisets.html#so2> (08.01.2024).
- Morrison, Alexander (2014). “Camels and Colonial Armies: The Logistics of Warfare in Central Asia in the Early 19th Century.” *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, vol. 57, no. 4, pp. 443–485. <http://www.jstor.org/stable/43303600>. (Accessed 28 Sept. 2023).
- Gupta Devyani (2010). “Postal relations between princely states and British India: military lines, communication networks and the residency system, c.1750-1850.” *Proceedings of the Indian History Congress*, vol. 71, pp. 568–76. Jstor, <http://www.jstor.org/stable/44147524>. (Accessed 12 feb. 2023)
- Sartori P., Shabley V. and Shabley P. Empire made me: Pervukhin and his exploits in the kazakh steppe. <https://www.oeaw.ac.at/sice/sice-blog/empire-made-me-pervukhin-and-his-exploits-in-the-kazakh-steppe> (14.11.2023).

## References

- Aitmukhambetov A.A. (2010) *Kazahskie sluzhashchie Rossiiskoi imperii: formirovanie, professionalnaia i obshchestvenno-politicheskaia deiatel'nost' v XIX-nachale XX vv. (istoricheskii aspekt)*. [Kazakh employees of the Russian Empire: formation, professional and socio-political activities in the 19th and early 20th centuries. (historical aspect)] *Dissertatsiia na soiskanie uchenoi stepeni doktora istoricheskikh nauk Semei*, 2010. -346 s.

Adres-kalendar sluzhashchikh v Semirechenskoj oblasti na 1897 god (1897).. [Address-calendar of employees in the Semirechensk region for 1897]. Vernyi, 1897 g.

Asfendiarov S. (2014). Shygarmalary [Collection of works]. Tort tomдық shygarmalar zhinagay. Volume 3. Almaty: “El-shezhire”.

Adilbekova Z. (2015) Kazaly kalasyndagy pochta kyzmeti men pochta-telegraf kontorany tarikhynan (XIX gasirdyn sony-XX gasirdyn basy) [From the history of postal service and post-telegraph office in the city of Kazaly (end of the 19th century – end of the 20th century)]// Ozbekali Zhanibekov okulary. – Almaty, 1 T. 41-43 b.

Bazilevich K. V. (1927) Pochta v Rossii v XIX veke [Post in Russia in the 19th century]/ K. V. Bazilevich. – M NKPiT, . – 196 s.

Bukhgeim E.O. (1906) Ocherk pochtovo-telegrafnogo dela v Rossii i zagranitse [Essay on postal and telegraph business in Russia and abroad]. – M. -15 s.

Voronov I.I. (2020) Pochtovyi departament v tsarstvovanie Aleksandra II (1855–1881 gg.) [Postal department in the reign of Alexander II (1855–1881)]// Vestnik Gumanitarnogo fakulteta. – № 12. S. 165-173.

Dalaeva T. (2016). Uchebnye zavedeniya Omska v podgotovke kazahskikh chinovnikov dlya mestnogo upravleniya (XIX v.) [Educational institutions of Omsk in preparation of Kazakh officials for local management (XIX century)]. Sbornik nauchnykh trudov. Omsk; Pavlodar. S. 79-87.

Zolotov P. A. (2020). Kratkij istoricheskij ocherk byvshej Omskoj Aziatskoj shkoly (1789 – 1870 gg.). Omsk v publikacijah XVIII – nachala XX vv. Omskij gosudarstvennyj istoriko-kraevedcheskij muzej [A brief historical sketch of the former Omsk Asian School (1789 – 1870)]. Omsk. S. 157-161.

Iz istorii Sibirskogo (Omskogo) kadetskogo korpusa (K 210-letiyu so dnya obrazovaniya) [From the history of the Siberian (Omsk) Cadet Corps (To the 210th anniversary of its formation)]. Elektronnyj resurs. <https://iaoo.ru/page/iz-istorii-sibirskogo-omskogo-kadetskogo-korpusa-k-210-letiyu-so-dnya-obrazovaniya> ( 07.01.2024).

Instrukciya dolzhnostnym perevodchikam Turkestanskogo kraja (2016). Turkestan v imperskoj politike Rossii [Instructions for official translators of the Turkestan region (2016). Turkestan in Russian imperial policy]. Monografiya v dokumentah. Moskva. S. 307 – 312.

Kotyukova T.V. (2016). Turkestan v imperskoj politike Rossii [Turkestan in Russian imperial policy.]. Monografiya v dokumentah. Moskva. S. 300 – 327.

CGA RK F. 194, Op.1.

CGA RK F. 44, Op.1., D. 794

CGA RK F. 44., Op. 1., D. 421.

CGA RK F. 44., Op. 1., D. 2127.

CGA RK F. 194., Op. 1., D. 3., L.9-10

CGA RK F 194, OP.1, D.19a., L.122.

CGA RK. F.194, Op.1, D.87, L. 28 ob., 30 ob.,32 ob., 34 ob., 36 ob., 38 ob.

Lvov A. V. (2022). Tabel o rangah 1722 goda i evolyuciya chinoproizvodstva v XVIII veke [able of ranks of 1722 and the evolution of rank production in the 18th century.]. Vestnik MGPU. Seriya: Yuridicheskie nauki. № 3(47). S. 40-51.

Morev V.A. (2019) Sibirskaia telegrafnaia magistral: k istorii stroitelstva (1860–1890-e gg.) [Siberian telegraph mainline: on the history of construction (1860–1890s)]// Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta, Istoriia. № 59. – S. 203-208.

Muminova E.M. (2009) Rol sredstv svyazi i tekushchei korrespondentsii v rusko-turetskoj voine 1877-1878 gg. (Balkanskii teatr boevykh deistvii) [The role of communications and current correspondence in the Russian-Turkish war of 1877-1878. (Balkan theater of operations)] // avtoreferat diss. na soiskanie uchenoi stepeni k.i.n. M.- S. 22.

Obzor Semirechenskoj oblasti za 1882 god (1883). Vernyi. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49780-za-1892-god-1893#mode/inspect/page/59/zoom/6> (07.01.2023)

Obzor Semirechenskoj oblasti za 1883 god (1884). – Vernyi. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49771-za-1883-god-1884#mode/inspect/page/37/zoom/4> (07.01.2023)

Obzor Semirechenskoj oblasti za 1884 god (1885). Vernyi, 1885 <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49772-za-1884-god-1885#mode/inspect/page/48/zoom/4> (09.01.2023).

Obzor Semirechenskoj oblasti za 1889 god (1890). Vernyi. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49777-za-1889-god-1890#mode/inspect/page/59/zoom/4> (24.03.2022).

Obzor Semirechenskoj oblasti za 1890 god (1891). Vernyi. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/49777-za-1889-god-1890#mode/inspect/page/59/zoom/4> (24.03.2022)

Obzor Semirechenskoj oblasti za 1897 god (1898). Vernyi. <http://elib.shpl.ru/ru/nodes/52877-za-1897-god-1898#mode/inspect/page/8/zoom/6> (26.01.2023)

Ozhegov S.I., Shvedova N.Yu. (2006). Tolkovyj slovar russkogo yazyka: 80 000 slov i frazeologicheskikh vyrazhenij [xplanatory dictionary of the Russian language: 80,000 words and phraseological expressions.]. M.: OOO «ITI Tehnologii».

Otepova G.E., Ilyasova A.S. (2015). Zakonodatelnye akty Rossijskoj imperii po istorii Kazahstana (XIX vek). Sb.dokumentov (1860-1885 gg.) [Legislative acts of the Russian Empire on the history of Kazakhstan (19th century). Collection of documents. Part 2 (1860-1885)]. Chast 2.Pavlodar.

Romashov M.V. (2005) Pochtovaia, telegrafnaia i telefonnaia svyaz v Samarskoj gubernii (1851-1917 gg.) [Postal, telegraph and telephone communications in the Samara province (1851-1917)]: diss. na soiskanie uchenoi stepeni k.i.n. – Samara, 2005. – 198 s.

Rossiiia (1885). Glavnoe upravlenie pocht i telegrafov. Sbornik postanovlenii i rasporyazhenii po Pochtovo-telegrafnomu vedomstvu [Russia Main Directorate of Posts and Telegraphs. Collection of resolutions and orders for the Postal and Telegraph Department]. Chast 1.SPb. – 152 s.

Raboचाia komissiiia po izucheniiu Turkestano-Sibirskogo zheleznodorozhnogo okruga (1909) [Working commission for the study of the Turkestan-Siberian railway district]. SPb.: Tipografiia Ts. Krai, Teatralnaia pl., Chast 1. – p.t. . – 277 s.

Projekt vsepoddannejshogo otcheta general-adyudanta K. P. fon Kaufmana po gruzhdanskomu upravleniyu i ustrojstvu v oblastiakh Turkestanskogo general-gubernatorstva: 7 noyabrya 1867–25 marta 1881 g (1885) [Draft report of Adjutant General K.P. von Kaufmann on civil administration and structure in the regions of the Turkestan General Government: November 7, 1867–March 25, 1881]. Spb.- 503 s.2

Sultangalieva G.S., Abdrahim M.E. (2020). Kazahskie perevodchiki Semirechenskoї oblasti [Kazakh translators of the Semirechensk region2]. Vestnik MGPU. Seriya: Yuridicheskie nauki. № 3(47). S. 67-78.

Satenova M.R (2014). Nabroski k portretu sultana Ish-Muhammeda Ablajhanova [Sketches for the portrait of Sultan Ish-Mukhammed Ablaykhanov] // Sajt Instituta istorii i etnologii im. Ch.Ch. Valihanova. 15 oktyabrya. <https://iie.kz/?p=4213> (01.12.2023)

Tolkovyj slovar [Dictionary.]. Elektronnyj resurs <https://www.efremova.info/word/pisets.html#so2> (08.01.2024).

Morrison, Alexander (2014). “Camels and Colonial Armies: The Logistics of Warfare in Central Asia in the Early 19th Century.” Journal of the Economic and Social History of the Orient, vol. 57, no. 4, pp. 443–485. <http://www.jstor.org/stable/43303600>. Accessed 28 Sept. 2023.

Gupta Devyani (2010). “Postal relations between princely states and British India: military lines, communication networks and the residency system, c.1750-1850.” Proceedings of the indian history congress, vol. 71, pp. 568–76. Jstor, <http://www.jstor.org/stable/44147524>. Accessed 12 feb. 2023

Sartori P., Shabley V. and Shabley P. Empire made me: Pervukhin and his exploits in the kazakh steppe. <https://www.oeaw.ac.at/sice/sice-blog/empire-made-me-pervukhin-and-his-exploits-in-the-kazakh-steppe> (14.11.2023).

**Авторлар туралы мәлімет:**

Искакова Галия Зейдилдаевна – Phd, доцент м. а., Қазақстан тарихы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцент м. а. E-mail: [gali209@mail.ru](mailto:gali209@mail.ru)

Ысқақ Ақмарал – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақстан тарихы кафедрасы, Нархоз Университеті. E-mail: [saktamaral7@gmail.com](mailto:saktamaral7@gmail.com)

Джолдыбаева Үлжалғас Мухамеджановна – т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. E-mail: [alatau1968@mail.ru](mailto:alatau1968@mail.ru)

**Сведения об авторах:**

Искакова Галия Зейдилдаевна – Phd, и.о. доцента кафедры История Казахстана, КазНУ им. Аль-Фараби E-mail: [gali209@mail.ru](mailto:gali209@mail.ru)

Ысқақ Ақмарал – к.и.н., ассоциированный профессор кафедры История Казахстана, Университет Нархоз. E-mail: [saktamaral7@gmail.com](mailto:saktamaral7@gmail.com)

Джолдыбаева Үлжалғас Мухамеджановна – к.и.н., доцент кафедры История Казахстана, КазНУ им. Аль-Фараби. E-mail: [alatau1968@mail.ru](mailto:alatau1968@mail.ru)

Поступило 13.12.2023

Принято 07.02.2024